

O. Нұсқабаев

ә.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан (orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz)
ORCID: 0000-0001-8124-8793

Жіп таңбалы көзелерді Еуропаға кімдер алыш барған?

Андратпа

Орталық және Шығыс Еуропа аумақтарында жүргізілген археологиялық казбаларда мыс және кола дәүірлеріне жатқызылған жүздеген біркелкі молалардан (одиночных могил) жанына ерте дүниелік тұрмыс заттары мен құралдары – баулықталған керамика (шнуровая керамика) және «тас балталар» (каменные топоры) қойылған адамдардың мүрделері қазып алынған.

Батыс және орыс тарихшылары бұл мәдениет ошақтарын «баулықталған керамика мәдениеті» (культура шнуровой керамики) не «соғыс балтасы мәдениеті» (культура боевых топоров) деп атайды. Әрі ж. с. д. 3200–2300 жылдар не ж. с. д. 2300–1800 жылдар аралығында Еуропада кенеттен пайда болған бұл мәдениет ошағын түлеткендер «таза ұндіеуропалық жұрттар болған» деп түйіндейді. Шынында да солай ма? Осының анық-қанығын анықтау үшін мақалада бұл мәдениеттерді кімдердің өздерімен бірге Еуропаға алыш келіп үлгі еткендігі соңы жылдары ғанағылыми айналымға кіріктіріле бастаған тың антропологиялық, археологиялық, лингвистикалық және ДНК-генеалогиялық айфактар негіз етіле отырып дәйектеледі.

Кілт сөздер: баулықталған керамика, соғыс балтасы, жалғыз келкі молалар, этникалық түзілім, таралым кеңістігі, мәдениет түрлері, археологиялық қазба көріністері.

O. Nuskabayev

Dr., Prof. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan (orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz)

Who Brinded Jugs With the Sign Thread to Europe

Abstract

In archaeological excavations carried out on the territory of Central and Eastern Europe, the remains of people from single graves attributed to the copper and bronze eras were found, with objects and tools of early everyday life - cord ceramics and "stone axes".

Western and Russian historians call these cultural centers the "Corded Ware culture" or "battle ax culture." And those who revived this cultural center, which suddenly appeared in Europe between 3200-2300. BC. or 2300-1800 BC, are "pure Indian Europeans." Is it really? To clarify the evidence, the article substantiates the fact that those who brought these cultures with them to Europe are new anthropological, archaeological,

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропага кімдер алып барған?

linguistic and DNA genealogical evidence, which only in recent years began to be introduced into scientific circulation.

Keywords: corded pottery, battle ax, lonely graves, ethnic formation, distribution area, types of culture, archaeological excavations.

Орталық және Шығыс Еуропа аумақтарында археологиялық қазбалар жүргізілгенде мыс және қола дәуірлеріне жатқызылған жүздеген біркелкі молалардан жанына ерте дүниелік тұрмыс заттары мен құралдары адамдардың мұрделері қазып алған болатын. Сол уақытта батыс және орыс тарихшылары бұл мәдениетті түзушілер «таза ұндіеуропалық жүрттар болған» деген пікір білдірген. Мысалы, А.Г. Кузьмин бұл дәйектеменің мәнісін былай түсіндіреді. Баулықталған керамика мәдениеті таза ұндіеуропалық жүрттар туындысы. Соңғы неолит және қола дәуірлерінде (ж.с.д. III-II мыңжылдықтарда) күллі еуропалық аймақтарға жайылған десе де болады. Осыған қарап, антропологтар бұл мәдениет ошағын жасаушылар ұндіеуропалық жүрттар болғандығына күмән келтірмейді.

Қабірлер таяз, бар-жоғы 1 метрдей тереңдікте шұнқырланған. Шұнқырлар қатарластырыла қазылған. Жерленгендерді, мысалы, ер адамдарды он жамбастата жанына тас балта салып, әйелдерді сол жамбастатып, жанына түбі жалпақ, сырты баулықталған қыш ыдыс (шнуровой керамика) қойып қабірлеген. Өлгендерді бұлай қабірлеу жоралғысы тек ұндіеуропалықтарға тән құбылыс екендігі анық тұжырымдалған [1].

Дей тұрғанмен, ж.с.д. 3200–2300 жылдар, не ж.с.д. 2300–1800 жылдар аралығында Еуропада кенеттен пайда болған делінетін «баулықталған керамика мәдениеті» (культура шнуровой керамики) немесе «соғыс балтасы мәдениеті» (культура боевых топоров) ошақтарын жасаушылар «таза ұндіеуропалық жүрттар болған деушілердің түсіндірмелерінің шикілігі өзінен-өзі білініп тұратын. Өйткені археология гылымында, белгілі бір жер қабатынан қазып алғынған не ыдыстың, не еңбек құралының нақ зерттеліп отырған аймақта жасалып, ұзак уақыттар бойы пайдаланылғандығы оның алдындағы қатпарлардағы артефактілермен айғақталуы міндетті. Онсыз зерттеу тақырыбына арқау болып отырған артефакті өзге өнірлерден дайын күйінде осы маңға келтірлген делінеді. Оны кімдердің осы маңға алыш келгендігі, олардың шығу тегі кімдерден екендігі іздестіріледі.

Міне осы себептен болар, «баулықталған керамика» (дұрысы, жіп таңбалы көзе) немесе «соғыс балтасы» (дұрысы, тас балта) мәдениеттерін тек үндіеуропалық халықтар түлеткен делінетін теорияның біржактылығы айқын сезіліп қалатын. Оның үстіне батыс және орыс тарихшылары «үндіеуропалықтар» деп дәріптеп жүргендерінің де Орталық Азияда аяқтанғандығы қашаннан белгілі жайт тұғын-ды. Оның мәнісін ДНК – генеалогиялық зерттеу тәсілін негіздеушілердің бірі американдық ғалым А.Клесов былай түсіндіреді. Таза орталықазиялық құрама гаплотоптары деп есептелетін NOP гаплотоптарының бірі П зәузатынан бұдан 25 мың жылдай бұрын Алтай таулары маңында R, одан R1 гаплотоптары түзіледі. Арада бірлі-екілі мыңжылдықтар өткенде R1-ден R1b гаплотопты жұрттар аяқтанады. Міне, осы R1b тобы Тибетті, Пәкістанды, Үндістанды, Иранды, Анадолыны басып өтіп, Балқан түбегі аймағына тұяқ іліктіреді. Бұл маңда тұрактамай оның әрі ішкі Еуропаға қарай жылжыған топтары Карпат тауларының батысынан Балтық теңізіне дейін өрістейді. Бірер тобы шығысқа бағыт ұстап, Днепр-Дунай аралығына қоныстанады. Ал бұл уақыттарда бұл маңда Алтай өнірінен тайганың күнгей бетін ала Еуропаның солтүстігіне жетіп қоныстанып алған осы R1b гаплотоптық жұрттардың біршамасы мекендереп отырған болатын. Сөйтіп, әу баста шығу тектері бір болғанымен араға мыңдаған жылдар салып, бөлектене түскен өзара ағайында, туыстас жұрттар қайта қауышады. Екеуіне де алтайлық атамекендерінде өзара түсіністікті ілкі түрк тілі ортақ болатын.

Еуропаның қазіргі халықтары арасында тілдері үндіеуропалық аталаып өзгергенімен, R1b гаплотобынан ұрпақтанғандар молынан ұшырасады. Мысалы, R1b1b2 зәузаты: ДНК – генеалогиялық сараптан өткен баскілердің – 88, испандардың – 70, бельгиялықтардың – 63, итальяндардың – 62, британдардың – 68 (валлилердің – 89), ирландардың – 81, немістердің – 50, француздардың – 52, португалдықтардың – 62 пайызына тән. R1b ұрпактары ұғынысқан сол түпкітүріктік агглютинативті тіл Еуропаның кей жерлерінде жыл санаудың 10-шы ғасырларына дейін қолданыста болған [2, 670–785-бб; 863–903-бб.; 3, 3–58-бб.; 4, 29–50-бб.].

Жоғарыдағы сараптаудағы соңғы, яғни «түпкітүріктік агглютинативті тіл Еуропаның кей жерлерінде жыл санаудың 10-шы ғасырларына дейін қолданыста болған» деген сөйлемді одан ары жандандыра тұсу үшін лингвистер – орыс ғалымы Ю.Н. Дроздов, латыш ғалымы Г. Шуке, қазақ ғалымы Ж. Бейсенбайұлы өз 62

еңбектерінде европалықтардың түпкі бастауларындағы арғытүріктік сипаттарға барлау жасайды. Көне дерек көздеріндегі байырғы ұғым-түсініктердің тұрмыстың қай саласында қолданыста болғандығын ежіктейді. Тілдегі ұқсастықтарды саралап, жергілікті топонимдер мен гидронимдердің мән-мағыналарына ой жүгіртеді. Лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік мысалдардың мәндерін қазбалап, арғытүрктік этимологиялық ұғым-түсініктердің европалықтардың тілдеріне қалай ауысқандығын бағамдайды. Сөйтіп, европалықтардың шығу тегіне қатысты бұрындары ғылыми айналымға кіріктірілмеген тың деректерді мәліметтейді [5; 6; 7].

Соңғы сілтемелерге қарағанда ерте дүниелік орталықазиялық жүрттардың жан-жаққа коныс аударулары бір рет қана емес, ондаған мәрте орын алған сыңайлы. Сондықтан осы арада реті келіп тұрғандықтан, ерте дүниелік орталықазиялық жүрттардың көші-қондық ұдерістерінің жол картасына үңіліп, барып қоныстанған өнірлері қай аймақтарда болғандығын саралап өтелік.

Археологиялық жарияланымдарда алғашқы адамдардың орта палеолиттің (ж.с.д. 100 000–40 000 жж.) соңына таман және кейінгі палеолиттің (ж.с.д. 40 000–11 000 жж.) алғашқы жартысында-ақ Орталық Азияда жерсінгендері тас құралдар (тас пышақ, тас балта, ұшына яшмадан (кварцитың бір түрі) қашалған шақпақтасты кесік – микролит қыстырылған ағаш сапты найза, т.с.с.) жасауды менгеріп алып, құнделікті тұрмыста пайдаланып жүргендігі мысалданады [8, 79–88-бб.].

Ал ағылшын ғалымы Дж. Мелларттың түсіндіруі бойынша, алдымен Тау Шығыста, одан кейін Еуропага протонеолиттік мәдениет үлгілерін, мысалы, садақ пен тас құралдарды (микролитті пышақ, тас балта, ұшына микролит қыстырылған ағаш сапты найзатас, т.с.с.) бұдан он екі мың жыл бұрын келгендер өздерімен бірге алып келген. Олардың солтүстікten, яғни қазіргі Оңтүстік Орал мен Орталық Қазақстаннан басталған жылжуларының айғақты іздері Каспий теңізінің оңтүстік мұйісіндегі Белт, Хоту, Ирактың теріскейіндегі, Анадолыдағы, Балкан түбегіндегі, Орталық және Шығыс Еуропадағы ондаған үнгір тұрақтарда қатпарланып қалған [9, 18–21-бб.].

Ал, Орталық Азияның батысында мекендейген таза түрк текті R1b гаплотопты жүрттардың біршамасы бұдан 13–11 мың жылдай бұрын Жайық өзенінен өтіп, теріскей және батыс өнірлеріне қарай көші-қон түзген. Көшпелі бұл жүрт жолай 13–11 мың жылдай бұрын сероглазов мәдениетінің, одан кейін 6–7 мың жылдай бұрын орта Еділ

мәдениетінің негіздерін қалаған. 7 мың жыл бұрын самара, 7500–5500 жыл бұрын ортостог, 7–6 мың жыл бұрын хвалын, 7–5 мың жыл бұрын кама мәдениеттерін орнықтырған. Соңыра жоғарыдағы мәдениет ошақтарын аяқтандырған таза түрк тексті R1b гаплотопты жүрт бұдан 6500–1300 жыл бұрын Теріскей Еуропада «көнешүңқыр» мәдениетін өмірге келтірген [4, 1656–1657-бб.].

Теріскей Еуропаның сүйкетау ауа-райына қарай көнешүңқырлықтардың бірқатары қам кесектен үйлер түрғызып алғып, сонда түрған. Егін еккен. Көнешүңқырлықтардың басым көшілігі өндіруші мал шаруашылығымен айналысқан. Олар өгіз жегілген арба үстіне орналастырған киіз үйлерде түрған.

Құллі Еуразия кеңістігінде етек жайған «көнешүңқыр» мәдениеті (ямная культура) ошақтарын орыс тарихшылары «шегенделген» (срубных) және «такта тас» (плиточная могила) ошақтарымен бірлікте зерттейді. Ал батыстық археологтар бұл мәдениет ошақтарын бір-бірінен бөліп-жармай, бір атальыммен, яғни «қорған мәдениеті» (курганная культура) деп ұлықтап саралайды.

Орыс және батыс ғалымдары жоғарыда аталған мәдениет ошақтарын, сондай-ақ «соғыс балтасы», «баулықталған керамика» және басқа да еуразиялық кеңістіктен табылып қазылған барлық мәдениет ошақтарын арғы үндіеуропалық жүрттардан қалған мәдениет ескерткіштері деп түйіндегенді ұнатады. Үндіеуропалықтар деп жүргендерінің біршамасының Орталық Азияда ұрықтанып, кейіндеу келе әлемнің түкпір-түкпіріне, соның ішінде Еуропаға да келіп қоныс тепкендігін жасырып, айта бермейді. Қағыс қалдырады.

Дейтүрганмен, ДНК-генеалогиялық зерттеу тәсілі айналымға енгелі бері күллі еуропалықтардың пайда болған жері де, шығу тегі де бұлдыңғыр, «ұндіеуропалық тілді топтан» бұтақтаған-мыс делінетін теріс идеяның мәнділігі жүқарып, шикілігі білініп қалды. Осыны сезінетіндікten де болар, бұл теорияны үағыздаушылардың бүгінгі тобы оны «жанғыртуда». «Жанғыртушылар» алдыңғы үағыздаушыларының «бүкіл еуропалықтардың арғы ата-бабалары ұндіеуропалық тілді топтар болған» деген тұжырымдамаларын сырыйп тастаған. Оның орнына «жанғыртушылар» ұндіеуропалық тілді топтар тек бүгінгі еуропалықтардың қайсыібір этникалық құрылымдарының ғана арғы ата-бабалары болған-мыс дегендей «жаңартылған» түсіндірмелерді насиҳаттауда. Мұның дәлеліне соңғы жылдары асыра дәріптеле бастаған «соғыс балтасы» (дұрысы – тас балта) немесе

«баулықталған керамика» (дұрысы – «жіп таңбалы көзе») мәдениеті теориясын мысалдауға болады.

«Жаңғыртушыларды» тіпті басқаларын айтпағанның өзінде «ұндіеуропалық тілді топ» теориясын құлшына қорғаған америкалық археолог Мария Гимбутастың (ұлты литван) ескертулері де тоқтата алар емес. Мария Гимбутас өзінің археологиялық қазбалары есептерінде «баулықталған керамика» мәдениетін «қорған мәдениетіне» жатқыза тұжырымдаған, «ана аймақтың қыш ыдыстары мына өнірдікінен өзгешелеу» деп құбылтудың дұрыс еместігін әріптестеріне ескерткен болатын [10]. Бірақ М. Гимбутас тараапынан айтылған ескертпелерге оның әріптестері сияқты, бүгінгі «ұндіеуропа тілді топ» теориясын «жаңғыртушылар» құлақ асар емес. Терісті насиҳаттарын үдете тұсуде. «В настоящее время культура шнуровой керамики рассматриваются (в том числе критиками курганной гипотезы) не как общий предок всех народов индоевропейской языковой семьи, а как одна из крупных ветвей данной семьи, а именно протобалтославян на востоке и протогерманцев, протокельтов иprotoиталийцев на западе» [1, 3-б.].

Тұсіндірмелердің біржактылығын байқату үшін протокельттердің және протоитальяндықтардың шығу тектеріне қатысты пікірлер білдірген бірнеше танымал ғалымдардың еңбектеріне сілтемелер жасайык.

М. Гимбутас өзінің археологиялық қазбалық есептерінде жоғарыда айтылған уақыттардан кейін де түздік жүрттар Еуропаға қарай бірнеше рет толқын-толқын болып өткендігін мысалға келтіреді. Солардың бірі Қара теңізді жағалай Дунай өзенінен асып, Оңтүстік Еуропаңың теріскей-батысына шашырай қоныстанған көрінеді. Солармен бірге осы өнірлерге жеткен түздіктерге тән жерлеу қорымдары, құрамына ұлутас ұнтағы қосылған түбі җұмыр қыш ыдыстар, шақшақ тасты құралдар (пышак, шот, балта, үш бұрышты садақ жебелері, арба дөңгелектері, т.с.с.) көптеп қазып алынған [11, 387–393-бб.].

Осы өнірде, яғни Апеннин жарты аралының теріскей батысында құрылған, – дейді қазақ ақыны, заманымыздың ұлы лингвист ғалымдарының бірі Олжас Сүлейменов, – Этрурии қала мемлекеттерінің Федерациясы ерте дүниелік әртүрлі этникалық топтардан түзілген әлеуметтік-саяси мемлекеттік құрылымдардың бірі болды. Әрі бұл қала-мемлекеттік федерациялық құрылым Еуропада бой көтерген тұңғыш мемлекеттік құрылым болып есептеледі.

Мемлекетте әртүрлі социумдық топтар өзара сыйластықта тату-тәтті өмір сұрді. Өзара құрмет тұтушылық, тәртіп ережелері қатаң сақталды. Заң үстемдік етті. Барлық топтарға ортақ жазу әліппесі қалыптастырылды. Мәдениет айрықша дамытылды. Өндіруші шаруашылық өрістеді. Этруски жазуы халықаралық мәртебені иеленді.

Келе-келе lati/latin, latina қала-мемлекеті атанған бірлестіктің орталығы бұдан 2775 жыл бұрын этрустер тұрғызған Рома қаласына орнықты. Алдында «латындықтар» деп аталған халық енді «романдықтар», яғни «римдіктер» деп ұлықтала бастады. Роман тілділер тізімінің латын тілінен басталуы осыдан болса керек.

Рома қаласы Рим әрі империя астанасы атанған замандарда да этрусклердің үстемдігі айқын білінетін. Өйткені қаланың да, империяның да гүлденіп көркөюінде этрусклердің ақыл-ой мен еңбегінің жемістілігі ап-айқын болып білініп тұратын. Қаланың архитектурасы, айрықша сәулеттілігі, театрлары, рухани өмірінің байлығы былайғы жүртты таң қалдыратын. Сонымен қатар империяда керамикалық және металл өндеу өндірісі, қолөнері және көркемсүрет өнері барынша дамыды.

Этрускилер өздері өмір сүрген өнірлерді «өз жеріміз» (LATI), ал өзге өнірлерді бұл «латия» емес, бөтен, яғни «ITAL» (Италия) деп атаған. Күллі Еуропаны темір тырнағының астына басқан Рим «Италия» шекарасын кеңейте түсті. Римді ұлы империя атандырды. Дей тұрғанмен ескілікті тілден қалған ұғым-түсініктер Рим империясында көп уақыттарға дейін қолданыста болды. Солардың бірі көнетүрк тіліндегі «tekemet» (төсеніш немесе жамылғы) ұғымы.

Латын тілінде «tekemektum» ұғымы «жамылғы» (покрывало, одеяние, одеяло) түсінігін білдіреді. Түрк тіліндегі «жамылғылық лыпа» түсінігі роман тілді халықтарда ұш түрлі заттық ұғымды білдіріп тұр. Ал, мұның өзі сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ түрк тілді халықтардың тіл байлығының өте жоғары деңгейде қанаттанғандығын білдірсе керек [12, 426–430-бб.].

Дегенмен европалықтардың бойында түрк текті жүрттардың да қаны бар екендігін жоққа шығарушылар этрусклерді Алдыңғы Азиялық шыгу тегі анықталмаған белгісіз бір халықтан бұтақтандырады. Оларды әлпештеп апарып, Апеннин жарты аралына қондырыды. Тілдері қазіргі итальяндықтардың тілдерінің ескілікті варианты болған дейді [13, 63-б]. Бірақ бұл бағыттағы зерттеулер ешқандай нәтижеге қол жеткізе қоймаған. Осылардың тілі «ұндіеуропалық тілді топтардан» туындаған делінген бірнеше

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропага кімдер алып барған?

еуропалық этностардың тілдік ерекшеліктерін зерттеулер де іздестірілген нәтижеге қол жеткізбеген. Тек тілдеріндегі қайсыбір ескілікті ұғым-түсініктердің қонетүрк тіліне жататындығы анықталған. Осыны негіз ретінде ұстанған ғалым В. Бранденштейн этрускилердің арғы ата-бабалары Орталықазиялық жүрттардан болған деген тұжырымға келген. Бірақ В. Бранденштейн «ұндіеуропалық» теорияны жақтаушылардың қысымымен кейіндеу келе этрускилердің түрктектілігі туралы тұжырымынан бас тартқан [14, 13-б.].

Этрускилердің кімдерден бұтақтанғандығы туралы пікіріталас осымен тоқтап қалмаған. Керісінше, кейіндеу келе де әртүрлі болжамдар жасалып, әртүрлі пікірлер өте көп айтылған. Сондай пікірлердің бірнешеуінде ерте дүниелік еуропалық тарихшылардың трояндықтарды түрктекті халық ретінде атамалап, түсіндірмелеріне дәлелдемелік деректер мысалдағандығы айтылады. Мысалы, Фредегердің VII ғасырдағы хроникалық жазбаларында трояндықтардың түрктекті халық екендігі аталып, Троядан күй кеткеннен соң қаланы тастап Паннонияда жерсініп отырған франктерге және агайын-туыстықтары бар скифтерге қарай көші-қон түзгендігі баян етілген.

XII ғасыр тарихшысы Тирили Уильям трояндықтардың түрктекті халық екендігін дәлелдеген. Трояндықтарды ол туркостар деп ұлықтаған [15, 13–16-бб.].

Патша тұқымынан шыққан римдік әскербасылары өздерінің трояндықтардан екендігін мақтан тұтқан. Бір қызығы, олардың есімдері қоқтүрктік ру-тайпа атальымдарымен үйлесе жарасып тұр. Мысалы, Askani есімі қонетүрк руы Askan, Tíbarí тайпасы taber, Cay/Kay, gayı – қонетүрк тайпасы атальымы, Yuli (Yol, Yoloy) – ежелгі татарлық адам есімі.

Қазіргі Италия аумағында этрускилерден мұра болып қалған ономастикалық есімдік және топонимдік атальымдар молынан ұшырасады. Айталық, антикалық қайнарларда Италияның Сицилия аралында үш тайпа жүртты: sikan, sikel және elīmдер мекендейтіндігі жазылған. Еуропалық ғалымдар оларды трояндық жүрттардан болуы мүмкін деп санайды. Ал, кейінгі жылдардағы зерттеулер олардың тұп тектері түркілік жүрттардан екендігін анықтап берген. Мысалы, sikelдердің түрктекті венгрлік тайпа жүртты екендігі анықталған. Sikelдерде арғы ата-бабаларының руникалық жазбалық ескерткіштері осы уақыттарға дейін сақталған. Ал elīm тайпасы түрктекті Алшын (alçin) бірлестігі құрамында аталауды.

Афиндік патша Еусу есімі қазақтардың дүниеге жаңадан келген сәбілерге беретін Еге есімімен бірдей болып үйлесім тауып тұр. Қөнетүрк тілінде Еге есімі «ие», «қожа», «князь», «билиеуші», «қамқоршы» ұғым-түсініктерін білдірген. Ал Элладаның жоғары дәрежелі ақсүйектері жиі ұлықтаған Інax есімі ежелгі түрктекті жүрттарда ел басшысынан кейінгі екінші тұлғаға, аймақ билеушілеріне берілген. Демек, Апеннин жарты аралын мекендеген жүрттар грек-рим билігі орныққанға дейін Орталық Азиядан осы аймаққа көшіп-қонған түрктекті жүрттар болған, – деген академик Н.Я.Марр пікірінің методологиялық мәні бар [16, 66–170-бб.].

Этрускилердің түрктектілігі лингвистикалық зерттеу нәтижелерімен дәлелдене түседі. Бұл саладағы зерттеулердің ішінде түрк лингвисі Адилія Айданың енбегі зор құрметпен аталады. Осыдан болар, татар ғалымы, академик Мирфатых Закиевтің «Түрктекті халықтардың шынайы тарихы» атты лингвистикалық тұрғыда негізделген қомақты зерттеуінде А.Айданың лингвистикалық тұғырнамалары өте жоғары бағаланған [17, 162–166-бб.].

А. Айданың тұғырнамалық қорытындысы бойынша, этрускилік алфавитті дайын қуйінде ежелгі түрктекті халықтар Орталық Азиядан өздерімен бірге ала келген. Уақыт өте келе бұл алфавит әлемге белгілі латын алфавитіне айналған.

Сондай-ақ, А. Айда этрускилік және түрктік ұғым-түсініктердің пайда болуының тұбі бір екендігін екі тілден 40 шақты сөзді бөліп алып, салыстыра талдайды. Олардың 15-і діни ұғым-түсініктер. Бұл ұғым-түсініктер латын тілінде қолданыста болған. Өйткені ежелгі римдіктер діни жоралғыларды этруски тілінде орындаған. Қалған 25-і ежелгі этрускилер мен түрктердің күнделікті өмірде қолданған ұғым-түсініктері.

Дәлелдемеге А. Айданың түрк тілінде жариялаган «Etrusker» (Tursakalar) Türk idiler: “ilmi deliller” («Этруски» (Тұрсақтар) түрк болған: ғылыми дәлелдер») атты зерттеуінен бірнеше мәлімет мысалдасты.

1. темплум – Жаратушыға табыну: -ум латын аффиксі, темпл – түрк тіліндегі тап, табыну (құлдық ұру) ұғым-түсінігі.
2. атриум (атр-иум): -иум латын аффиксі: атр<ата+йер (ата жер, ата жүрт, демек атриум – этрускилер елі, ата жүрті).
3. атта – ұлы ата: бұл ұғым-түсінік қазіргі итальяндықтарға этрускилерден қалған.
4. апа, әке: көне түрк сөзі аба-ның қазіргі түрктілді аталымы.

5. (о)клан (оклан), түрк сөзі оғлан (ұл).
6. қап – контейнер, қорап, қашшық – түрктік ұғым-түсінік, зат сақталған ыдыс.
7. расено – этрускилердің өз аталымы «арыс» деген түрк сөзінен туындаған этнонимдік аталым, зор, құшті деген ұғым түсініктерді білдіреді [18, 164–165-бб.].

Жоғарыда есімдері аталғандармен қатар бүгінгі батыстық ғалымдар «еуроцентристік» ұстанымдарды сырып тастап, адамзат өркениеті дамуында барлық халықтардың ұлесі барлығын насиҳаттауға ден қоюда. Қазіргі қоғамдық өмірдегі плюрализм мен ашық пікірталастығы көвшіліктің ақыл-ойын адам баласының өсіп-өнуі мен гүлденіп өркендеуі жөніндегі танымдық жаңа білімдермен байта түсүде. Осы тұрғыдан алып қаастырғанда аты-жөні әлемге танымал филолог, лингвист, көне тілдер тарихының білгірі итальяндық ғалым Марио Алинейдің этрускилердің түрктектілігін дәлелдеген еңбегінің әлемдік деңгейде қуатталуы көніл тасытады.

Марио Алинейдің «Gill etruschi erano turchi (Dalla scoperta delle affinità genetiche alle conterme induistiche culturali)» (Этрускилер түрктекті болған...) атты еңбегі 2013 жылы Римде жарық көрген. Кітап жарияланысымен-ақ еуропалық тарихшылар, филологтар және лингвистер арасында қызу, бірақ ашық пікірталасын туғызды. Себебі, автор өз еңбегінде соңғы жылдары жүргізілген генетикалық зерттеулердің нәтижелеріне сүйеніп, генетикалық тұрғыда этрускилер мен анатолиялық түрктердің шығу тектерінің бір екендігін дәлелдеген. Анатолиялық түрктер арқылы этрускилердің Түркістан, Иран, Кавказ халықтарымен туыстасатындығын анықтаған. Одан әрі Марио Алиней этрускилерде түрктермен тілдік ортақтықпен қатар, мәдениет саласында да түрктік із барлығын нұсқаған. Сөз саптаулары мен сөз құрылыштарындағы фонетикалық, морфологиялық және лексикалық ұқсастықтарды талдап, жан-жақты ашып берген. Қаншақ қасқыр азызының түрктік жұрттардан бастау алатындығын, мәдениет, сәулет, архитектура, сурет өнері, қолөнері, әшекейлік бұйымдар жасау өнері, алфавиттік нұсқа, спорт саласы (еркін қүрес), музика, би өнері, жерлеу жоралғылары, киім өрнектері, т.с.с. ұқсастықтары біріздендірілген. Сонымен қатар Марио Алиней «еуроцентристік көзқарас» аясынан шыға алмай, түрктекті жұрттардың әлемдік өркениет дамуына қосқан үлестерін терістеуші қайсы бір батыс және орыс зерттеушілерін қатты сынға алған. Түрктекті Орталықазиялық жұрттардың Еуропага қоныстана бастаулары ж.с.д. ондаған мынжылдықтар бұрын орын ала

бастағандығын нақты артефактілік қайнарларды мәліметтей отырып дәлелдеп бере білген.

Римдік және империялық көзсіз өркендеулерге этрускилер орнықтырган мемлекеттік басқару тетіктері, құрылыштың, сәulet өнерінің, архитектураның, жазу-сызудың (латын алфавиті) тәртіп ережелері мен заң үстемдігінің қалыптылығы ықпал еткен.

Жалпылай айтқанда, заманымыздың ұлы лингвистерінің бірі Марио Алинейдің аталмыш және мәдениет, тіл, тарих, лингвистика, культурология, антропология, палеотілдер, алтай тілдері, түрк тілдері, т.б. еңбектері Еуропаның ондаған мемлекеттерінде, АҚШ-та, Канадада, Австралияда, Азиялық бірнеше мемлекеттерде жарық көрген. Еңбектерінің шынайығының жоғары бағаланған.

Ғалым Марио Алинейдің жоғарыда қысқаша мазмұндалған еңбегімен қатар азербайжандық филолог Фирудин Агасиоғлудың «Этрускилер мен түрктердің байланыстылығы» («Etrusk – türk bağı», Bakı, 2010) атты еңбегі соңғы жылдары түркология саласында жарық көрген, әрі халықаралық деңгейде жоғары бағаланған жарияланымдар ретінде аталады [19].

Ж.с.д. 753 жылы этрускилердің королі Ромулустің немересі ел астанасы Тарквиниядан біршама қашықтықта жаңа қаланың іргетасын қалатады. Жаңа қалаға Рома (Рим) деген атау беріледі. Қаланы ж.с.д. VI ғасырда кельттер жаулап алады. Міне осы кельт атты халықтың арғы бабалары «баулықтардан керамика» мәдениетін түзуші үндіеуропалықтардың батыс бұтағының бірі ретінде аталады.

Міне, осы протокельттердің шығу тегін іздестірулер еуропалық галымдарды күтпеген жақалықтарға қол жеткіздірген. Көп уақыттарға дейін үндіеуропалықтар делініп келген хеттердің шығу тегі Орталықазиялық жүрттардан екендігін анықтап берген. Олар сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ Орталық Азиядан көшіп келіп, Кіші Азияны жерсінген көрінеді. Кіші Азияда олар Египетпен иық тірестірген өте мықты әрі барынша гүлденген мемлекет орнықтырган. Оған Хет патшаларының фарондар Аменхотеп III және оның ұлы Эхнатон биліктері тұсында Египетпен әскери, сауда-саттық және дипломатиялық байланыста болғандығын раставтың құжаттардың Египет архивтерінен табылуын куәлік етіпті. Ал археологиялық қазбалар барысында табылған шумер-аккад-хет сөздігі 15 мыңнан астам қыш таңбаларда жазылыпты. Хет патшаларының жарлықтары, сауда-саттық есептері, мәдени, саяси, тарихи және әдеби мәтіндер

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропаға кімдер алып барған?

археологтарды тіптен таң қалдырған. Мұның бәрі Хет мемлекетінің өз заманында өте озық әрі гүлденген ел болғандығын білдіреді. Ең қызығы, осы хеттердің шығу тегін іздестірулер, европалық тарихшыларға, олардың қазіргі қазақ халқын құрылымдан отырған ұлыстардың бірі – кетелермен тұбі бір жұрт екендігін анықтауға септесіпти.

Жоғарыда шығу тектері анықталып, көші-қондық үдерістері сараланғандардан кейін де Таяу Шығыс пен Еуропаға жер ауған Орталықазиялық түрк-монгол текті жұрттар көп болған. Олардың кейінгі келгендері алдыңғылардың мәдениеті аясына жұтылып кетіп отырған. Берірек келе олардың барлығы да ұндіеуропалықтар делінетін ілкіарилік жұрттармен аралас-құралас өмір сүріп, күллі Еуропаға жайлыштырып алған.

Осындай ауыс-түйісті өмір иірімдері көнешүңқырлықтардың өлгендерді жерлеу жораларына өзгерістер енгізеді. Өлген ер адамдардың жанына тас балта қойып қабірлеу үрдісі, міне, осы кезеңдерде аяқтанған секілді. Ал кейбір біркелкі молалардан тас балта гана емес, арба бөлшектері, дөңгелектер де қазып алынған.

Сондықтан «соғыс балтасы» мәдениетін кейде мәйіттерді тізесін сәл бүге сол қырынан жатқыза, үстіне жоса құйып ақымдап жерлеу жоралғысы түрінде сипаттау да археологияғының терістеле бермейді. Өлгендерді buquerque жерлеу жоралғысы археологияда катакомбалық (қабір шұңқырын ұнғалап қазу) жерлеу үрдісі деп аталымалады. Құл мәдениеттің орнығына көнешүңқырлықтар да, соғыс балтасы (тас балта) және баулықталған керамика (жіп таңбалы көзе) мәдениеті де, басқа мәдениеттер де ат салысқан болу мүмкіндігі қуатталады. Өйткені катакомбалықтар қабірлерін көнешүңқырлықтарға ұқсатып қазған. Үстіне биік етіп обалар үйген. Қыш көзелерінің табаны баулықталған керамика мәдениетініңкі сияқты жалпақ, бүйірлері шығынқы, ауыздар кең болған. Малшылықты, егіншілікті, аңшылықты, балық аулауга құмарлықты қатар ұстанған. Мыс пен қола өндірген [7, 101–103-бб.]

Германияның Эсперштедте аймағынан 5 адамның мүрдесі қазып алынған. Олардың біреуі басқаларынан бөлектеу жерде тас қабірге салынып қабірленген. Қалған төртеуі оның мolasынан 700 метрдей қашықтықта жерленіпті. Мүрделерді сараптау барысында, олардың R(xR1b), R1a1, R1a, R1a1a1 гаплотопты жұрттардан екендігі анықталған.

Осыған қарап археологтар бұл адамдарды шығыс жақтан көшіп келіп, осы маңға тұрақтаған далалық халықтардың өкілдері болар деп топшылаған. Өйткені олардың әйелдерінің шығу тектері j1c5, v2c1a1 және v4b1a1a1 гаплотопты жүрттардан болған. Ал, далалық жүрттардың сенімі бойынша, әйелді басқа қауымдардан алу келер ұрпақтың дені-бастары сау, күш қайраттары тасыған тұлғалы азамат болып өсіп-өнуіне ықпал етеді [1, 4-б.].

Осыдан болар, «соғыс балтасы» мәдениетін тудырушылар, жоғарыда нақтыланғандай, Орталық Азиядан Теріскей Еуропаға бірнеше рет жер ауган далалықтардың қатарында келген Маң тайпасының өкілдері болуы мүмкін дегендегі ой жиі еске алынады. Маң тайпасы, әлемдік тарихнамада, табиғи-тариҳи тұрғыда Байкал көлі маңында ұйысқан алғашқы түрк-монғол текті этникалық құрылымдардың бірі ретінде бағамдалады. Бұл тайпа өкілдерінің бірқатары бұдан 22–23 мың жыл бұрындары R1b гаплотопты жүрттар қатарында жан-жаққа үдерген. Үдере көшкен олар алғашында Хорасмия өлкесінің етегін ала Каспий теңізін бойлай Арап теңізі маңында, Ембі және Жайық, Еділ өзендерінің төменгі ағыстары алаңтарында өмір сүрген.

Манدار әу бастан-ак ұрыс-керіске, басқаларға күш көрсетіп өкірендеуге бейім сотқар қауым түрінде бой көрсеткен. Осы мінездеріне қарап, былайғы халық оларды кекете көтермелеп, «ерман», яғни «сотқар, төбелескіш, ұрыс-керіске бейім қатыгез» халық деп атамалап кеткен. Осындай билеп-төстеуге үйір мінездеріне орай олар өзге түздік тайпаларды біріктіріп, одақ құрған. Одақтағы бар билікті өз қолдарына шоғырландырған. Темірдей қатты тәртіп орнатып, одақты «Іш ғұз» бірлестігі атандырған. Уақыт өте келе олар өсіп-өніп көбейген. Жауынгерлік қабілеттерін ұштап, соғыс өнеріне шыңдала түсken. Парсыларды қан қақсатып жиі шауып, олардан ары жатқан Таяу Шығыстық бай елдерге жаугершілік жорықтар жасаған. Сөйтіп өздерін өзге жүрттарға әбден танымал еткен. Парсылар оларды сақ деп атаған. Ішғұздарды ежелгі гректер өз тілдеріне жақындағып, «скуз» атандырған. Қазіргі орыстардың скиф деп жүргендегі гректердің «скузының» Еуропа халықтарының дыбыстауындағы «іш ғұз» аталымы.

Мандардың одақта темірдей қатты тәртіп орната білулеріне, әскерлерінің жауынгерлік қабілеттерінің жоғарылығына, өздерінің батыл да қайсар, айтқанынан қайтпайтын қырсық мінездеріне қарап, былайғы жүрт оларды нағыз патшалар деп күрметтеген, ұлықтаған.

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропага кімдер алып барған?

Бұл ұғымды ежелгі қытайлар өз тілдерінде «сай уань» – сак патшалары, европалықтар – «царские – скифы» деп атап кеткен.

«Іш ғұздардың біршама жұрты Таяу Шығысқа қарай жылжыған. Ж.с.д. мыңжылдықтарда олар «Қос өзен» (Месопотамия) аралығындағы бай елдерді жауласп алғып, «Мидия» (Маннай) мемлекетін орнықтырған. Бұл мемлекет Таяу Шығыс өнірінде жаңа өркениеттердің қалыптасуына жоғары деңгейде сауда-саттықтың, жазу-сызудың, есеп пен мәдениеттің, қолөнер мен зергерліктің, алыс беріс айырбастың, рухани құндылықтар мен діни наным-сенімдердің туып, дамуна ықпал еткен» [20, 10–11-бб.].

Міне, осы маң жұртының біршамасы батысқа қарай жылжыған. Солардың қатарында, – дейді қазақ тарихшысы Қ.Салғараұлы, – мандардың «тунгр» (тұңғар) тайпасы жұрты да болған. Олар көшекөше келіп Рейн өзенінен әрі еткен. Сөйткен тунгрлер сол өнірді мекендей отырған галлдарды өздеріне бағындырған. Тунгрлер галлдарға өздерін «ермандармыз» деп таныстырған. Өйткені өсіп-өнген өнірлерінде былайғы халық оларды «Ерман» деп ұлықтаған. Этнонимдік бұл аталымның алғашқы жартысындағы «ер» (эр, ир) ұғымы байырғы түрктердің «батыр», «нағыз» деген түсініктерін білдіретін. Ал екінші жартылығындағы «маңы» этнонимдік аталымдары болатын. Сонда «ерман» этнонимі «батыр ман», «нағыз ман» ұғым-түсінігін білдіріп шыға келетін. Неміс тілінде «ман» ұғымы «нағыз адам» ұғымын білдіреді. Осы «ерман» этнонимі келе-кеle тілдік өзгерістерге қарай «german» делініп аталымдағып кеткен.

Ежелгі заман тарихшыларының германдықтарды өжет, аяушылығы аз, қатыгез жауынгер жұрт ретінде сипаттаулары да пікірімізді тұздықтай түседі.

Римдік тарихшы Тациттің пікірінше (58–117 ж.): «Напротив, слово Германия – новое, а недавно вошедшее в обиход, ибо те, кто первыми переправились через Рейн и прогнали галлов, ныне известные над именем тунгров, тогда назывались германцами. Таким образом, наименование племени постепенно возобладало и распространилось на весь народ; вначале все из страха обозначали его по имени победителей, а затем, после того, как это название укоренилось, он и сам стал называть себя германцами» [21]. Демек, германдықтардың түп тегі маңдардан бастау алатындығы дау тудыра алмайтын ақиқатты шындық [22, 80–102-бб.].

Жоғарыда аталған «Соғыс балтасы мәдениеті» атты мақалада «баулықталған керамика» мәдениетін тұзуші ұндиеуропалықтардың

шығыс бұтағын «протобалтославяндар» құрайды, делінген. Сөйлемдегі балттар туралы айтылым құлаққа қонымды. Өйткені балттар әлемдік тарихнамада, ежелгі халықтардың бірі ретінде аталады. Балттар түпкі шығу тегіміз скандинавиялықтармен бір деп есептейді. Скандинавиялықтар да, орыс тілді тарихи әдебиеттерде фин-угор делініп аталып жүрген халықтар тобы да өздерін хундардан бұтақтандырады [5]. Ал «славян текті жұрттар» делінгендер тарихи әдебиеттерде тым беріде, қазіргі жыл санауымыздың ортасына таман пайда болған халықтар деп жазылып та, айтылып та жүр.

Сонда, жоғарыда мәлімделгендей, ж.с.д. 3200–2300 немесе ж.с.д. 2300–1800 жылдар аралығында өмір сүрген ұндіеуропалықтардың шығыстық бұтағы делінгендердің арасында славяндар қайдан жүр?

Оның себебі біреу-ақ. Өйткені қазіргі жыл санауымыздың ортасына таман пайда болған делінетін славяндардың тарихы тым қысқа әрі жұтаң, түпкі шығу тектері де бұлыңғыр. Сондықтан, славяндар делінетіндерді еуразиялық кеңістіктегі ерте дәуірлерден бері қарай өмір сүріп келе жатқан абориген халықтармен туыстаташып тарихиландыру қайсыбір орыс тілді тарихшылар үшін әдетті жағдай. Қалыпты құбылыс. Империялық үстем ұлттық саясат соған мәжбүрлеп қойған.

Орталықазиялық R1b гаплотопты жұрттар жоғары палеолиттің соңғы және мезолиттің бастапқы кезеңдерінде-ақ тастандардан құралдар жасап алыш, оларды құнделікті тұрмыста және өзара ұрыс-керісте пайдалана білуді менгеріп алған болатын.

Бертін келе шақпақ тастандардан (микролиттер) пышак, найза, жүзі өткір шот және біршама салмағы бар тастандардың ортасын тесіп, оған ағаштан сап орнатып алыш гүрзі етіп пайдалана бастаған. Арада тағы да бірнеше мыңжылдықтар өткенде көшпелі жұрттар дәстүрлі жауынгерлік соғыс құралдарын жасап, оларды пайдалануды толық менгеріп алған. Орталықазиялық көшпелі халықтар жауынгерлік қару түрлерін бір атальмға жинақтап «Бесқару» деп атаған. Олар мыналар: 1. Ату қаруы (садақ, оқ); 2. Түйреу қаруы (найза, сұңғі); 3. Кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы); 4. Соғу қаруы (шоқпар, гүрзі); 5. Шабу қаруы (балта, айбалта, шақан). Қарулардың бұл бес түрі көшпелі қогамда біздің қазіргі жыл санауымыздың XIX ғасырына дейін қолданыста болып келді.

Міне, осы бес қарудың бірі – балта пайда болу дәуірлеріне және пайдалану түрлеріне қарай дәстүрлі қогамдарда әртүрлі аталған.

Мысалы, тас дәуіріндегі тас балталар күнделікті тұрмыста да, аңшылықта да (соғыс балтасы деп жүргендері осы балта) және де жөнжоралғылық ғұрыптарда да кеңінен пайдаланылған. Аңшылық құралының ең мықтысы ретінде өлген ер кіслердің «жанына» тас балта қойылып көмілетін. Мыс пен қалайы қосындысынан соғылған қола балталарды орталықазиялық түрк-монгол текті жүрттар мыс дәуірінде-ақ пайдалана бастаған. Сол замандардағы сенімдерге сәйкес балталардың ғұрыптық нұсқалары да жасалған. Олардың жүзіне, шүйдесіне, сабына әртүрлі өрнектер, жануарлар мен аң бейнелері түсірілген.

Темір дәуірінде тұрмыстық және жауынгерлік балталардың тұртүрі құйыла бастаған. Тұрмыстық балталар қатарында шой балта, шот балта, балға балта, қуыс балта, темір сапты, ағаш сапты балта, т.б. құйылған. Жауынгерлік балталар болаттан құйылған. Олар мыналар: айбалта, шақан, шойын балта, тарақ балта, ала балта, жалмалы қарыс балта, қысқа сапты балта (40–45 см), орташа сапты балта (75–90 см), ұзын сапты балта (180 см), келтек балта, т.с.с.

Соғыс балтасының ең жетілдірілген түрі – айбалта – соғыс қаруы. Айбалтаны көшпелі халықтар өте ерте заманнан қолдана бастаған. Көшпелі халықтар бұл қару түрін XIX ғасырдың сонына дейін қолданып келді. Айбалтаның басы металдан соғылады. Пішіні әртүрлі болып келеді. Балта басының-жалманының жарты ай сияқты дөңгелене соғылуы, Айбалта атауына негіз болған. Осыған қарай Айбалтаның шабуға арналған жағы – жалманы өткір қыры – жүзі, жалманға қарсы жағы – шүйдесі, сап кигізілетін ойығы – ұңғысы, сап пен ұңғының түйіскен тұсы – сағағы деп аталады. Көшпелі халықтардың айбалталары екі басты немесе балта басының шүйдесі ұзынша келген балға пішінде, әйтпесе істік түрінде болып келген. Шүйдесі балға түрінде, бірақ қысқа жасалған. Айбалта басына күмістен ою-өрнек салынады. Ерте замандарда, жоғарыда айтылғандай, балта басына салынған ою-өрнек магиялық рөл атқарған. Айбалтаның сабы ағаштан жасалып, кейде терімен қанталады. Металл жапсырмалармен әшекейленеді. Кейбір балта саптары түгелімен не терімен, не күміспен қанталады. Қолға ұстау үшін саптың төменгі жағына қайыстан бұлдіргі таққан.

Бұгінгі таңда Қазакстанның, Монголияның, Тываның, Оңтүстік Сібір мен Байкал өңірлерінің, Якутияның, Орталық Азияның, Шығыс Түркістанның, Түркияның, Кавказдық түрктекті халықтардың тарихи мұражайларында көшпелі халықтардың дәстүрлі қару-жараптары

қатарында соғыс балтасының түр-түрлөрі көрсетілімге қойылған. Өйткені көшпелі халықтар пайдаланған қару-жарақ түрлері өз замандарында қазіргі әскерилер қолданатын ең озық қару түрлерінен жоғары бағаланбағанымен, еш кем бағаланбаған. Өйткені, орталықазиялық көшпелі халықтар соғыста жеңіл әрі ынғайлыш, ықшам, шұғыл, қауырт қымылға икемді қару-жарақтарды пайдаланған әр әскери қосын соғысу тактикасына сәйкес келетін соғысу қаруларымен жабдықталған.

Мысалы, айбалтамен соғысу әдісін жетік менгерген жауынгерлерден айбалташылар қосындары жасақталған. Айбалташылар қоян-қолтық ұрыс кезінде шайқасқа араласқан. Көшпелі халықтардың бейнелеу өнерінде айбалтамен қаруланған, осы қарумен соғысып жатқан жауынгерлердің бейнеленуі жиі ұшырасады.

Соғыс балтасымен қаруланған ежелгі адамдардың тау-тастарға салынған суреттері Орталық Азияның барлық өнірлерінде кездеседі. Айталақ, 1994–2004 жылдар аралығында Монгол–Ресей–Америка археологтары бірлесіп жүргізген зерттеулер аясында тас, мезолит, неолит және қола дәуірлерінде өмірленген ежелгі адамдардың тыныстыршіліктері зерделенген. Соның ішінде зерттеушілерді Алтай-Саян, Байкал көлі және Солтүстік Монголия өнірлерінде мекендеген ежелгі адамдардың әскери құрамаларының жауынгерлері киген сауыттарының, асынған садақ, қылыштарының, белдеріндегі белдіктерге қыстырылған соғыс балталары мен шоқпар, гүрзілерінің, қолдарына ұстаған наиза, сұңгілерінің кескінделуі аса қызықтырған. Зерттеу нәтижелерінің корытындысында көшпелі халықтар жауынгерлері қаруланған қару-жарақ түрлері класификацияланып, олардың әрқайсысы соғыстың қай түрінде қолданылатындығына сипаттама берілген. Қола дәуірі жауынгерлерінің көбіне көп соғыс балталарымен қатар шақанды пайдаланғандығын анықтаған. Американдық зерттеушілерді петроглифтер мен тау-тастарға салынған суреттердегі ат жеңілген арба үстіндегі жауынгерлердің садақ атып немесе балта сілтеп жатқан сәттері, бастарына киген кең жиекті шляпалары таң қалдырыған [23].

Ц. Турбат, П.Х. Жискар басқарған «Eurasial» атты монгол-француз бірлескен экспедиция мүшелері Монголияның Баян-Өлгий аймағындағы Пазырық мәдениеті корғандарынан 2004–2007 жылдар аралығында қоладан соғылған қанжар, балта, шот, қазан-ошақ және жіп таңбалы көзелер, ыдыс-аяқтар қазып алған [24].

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропаға кімдер алып барған?

Орталық Азия өнірлерінен табылған керамикалық бүйымдардың өте ерте дәуірлердегілері саз балшықтан жасалған дөрекі ыдыстар болған. Одан кейінгілері қолдан жасалған, бірақ біршама мәнерленген. Зат беттеріне ою-өрнек салынған ыдыстар болған. Ал кейінгі, яғни ж.с.д. 7–5 мыңжылдықтарда жасалғандары бабымен өртелген, сәнділігі керім керамикалық бүйымдар болған. Бұл орталықазиялық түздік жүрттардың қауымдық өмір сүру тәсілін артқа тастав, біртінде өндіруші шаруашылыққа көше бастағандығын білдіреді. Бұл тұста керамикалық бүйымдар отбасылық жасаудан жоғары жаңа қолөнеркәсіптік өндіріске көтерілген. Жіп таңбалы көзелер (орыс ғалымдарының «баулықтаған керамика» мәдениеті деп жүргендегі) айырбас саудаға шығарылған. Әсіресе, торсықтарға сұраныс жоғары болған. Торсық – бұл қазіргі батыс әскерлері қару-жарактарымен бірге жандарынан тастанамай су құйып алып жүретін құты. Торсық екі жағы томпақ, су ішер ауызы тар ыдыс. Түздік жүрттар бұл ыдысты алыс жолға шыққанда ат қанжығасына байлан, тастанамай өздерімен бірге алып жүрген. Шөлдегенде оның ішіне құйылған суды, не айранды, не құмызды ішіп сусындарын қандырган. Кейіндеу келе далалықтар торсықты теріден жасаған. Оған су немесе ақ құйған. Демек, торсық сияқты жіп таңбалы көзелерді де, соғыс балталарын да үй-ішілік тұтыну заттарын да, қару-жарак түрлерін де орталықазиялық көшпелі малшы қауымдар Тау Шығыска, Еуропаға қарап көшкенде өздерімен бірге ала барған. Ал «жіп таңбалы көзенің» шығыстық көрінісі деп есептелетін Орта Днепр және Фатьянов-Баланов мәдениеттері туралы да жоғарыда сараланғандарды қайталауға тұра келеді. Өйткені бұл өнірлерде Орталық Азиядан батысқа қарай жылжыған R1b гаплотопты жүрттардың бірер толқындары мекендең қалған. Еуразиялық кеңістіктің барлық өнірлерінен табылып, арсылған көнешшүңқыр, шегенделген және тақта тас, бұлардан кейіндеу катокомбалық мәдениет ошақтарын R1b гаплотопты жүрттардың ұрпактары түлеткен.

Жалпы орталықазиялық R1b гаплотобынан 200-ден астам әртүрлі халық бұтақтанған. Солардың бірқатары «ұндиевропалық тілді халықтар» деп аталады.

Бірақ қайсыбір еуроцентристік көзқарасты ғалымдар бұл ұғым-түсінікті танымдық тұрғыда мазмұндаудан гөрі, мағынасын саяси астарлап, европалықтарды басқалардан артық жүрт етіп көрсетуге ықылас танытып тұрады.

Мұның да өзіндік себептері бар. Сондықтан бұл ұғым-түсініктің

пайда болу тарихына қысқаша болса да шолу жасай өтудің жөн көріп отырымыз.

А.Гитлер билікті иеленісімен немістердің рухын, саяси және еңбек белсенділігін көтеру үшін біршама идеологиялық шараларды жүзеге асырды. Сондай шаралардың бірегейі ретінде немістердің арий текті таза қанды норд тұлғалы халық екендігін дәлелдеуге күш салды.

Арий текті немістердің пайда болған өнірлерін іздестіріп Тибетке, Үндістанға, Иранға экспедициялар аттандырыды. Іздестіру нәтижесінде, шынында да арий текті тайпалардың өте ерте дәуірлерді өмір сүргендігі анықталды. Бірақ олардың нақты қай аймақта және кімдерден пайда болғандығы бүтінгі күндерге дейін бегісіз болып келді. Осыған қарамастан «арий» текті тайпаның болғандығы туралы біржақты, көбіне-көп ойдан «құрастырылған» ұғым-түсінікті теориялар Еуропаны кезіп кетті. Том-том түсіндірмелер жазылды.

Сталин көзі тірісінде орыс ғылымина «бұл түсіндірмелерді үндігермандық тілділер» дегіздіртіп, ендіртіп кетті. Түрк-монгол текті «Ман» халқынан бұтақтанған сактарды «үнді-иран» текті халық дегіздіртіп, жаздыртып кетті. Орыс ғалымы осы «жалған сталиндік түсіндірмелерден әлі күнге арыла алмай, жазбаларының ғылымилығын жоғалтып алып жүр. Басқашалап айтқанда, батыс ғалымы тарарапынан күлкіге қалып жүр. Сталин о дүниелік болып кеткеннен соң «фашистерде іштей кегі бар» орыс тілді яхудей текті ғалымдар «үндігермандық тілділер» дегенді өзгертіп, «үндіеуропалық тілді жүрттар» дегіздіртіп жазбалатып алды.

Мұның да өзіндік себептері болды. Оны ДНК – генеалогия зерттеу тәсілін негіздеушілердің бірі американдық ғалым М.Клесов өзінің 2020 жылдың 19 июнь күні «VonTube»-де төмендегіше түсіндіреді.

Соғыс алдында литван текті археолог Мария Гимбутас ханым Каспий теңізінің шығысы мен Еділ өзенінің төменгі ағысы маңында археологилық қазбалар жүргізеді... Бірақ фашистерге ілескен бұл ханым алдымен Германияға, әрі АҚШ-қа жер аудады. АҚШ-та жүріп XX ғасырдың 50-ші жылдары Ресейде жүргізген археологиялық қазбаларының нәтижелерін жариялайды.

Орыс тілді археологтар «көнешүңқыр» мәдениеті де атап жүрген мәдениет ошактарын «Қорған мәдениеті» деген терминмен алмастырып алып, «үндігермандық жүрттар» ең алғашында Каспий теңізі мен Еділ өзенінің төменгі ағысында өмір сүрді. Олар осы өнірлерден Еуропага қарай кеткен деп елді дүрліктіреді.

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропаға кімдер алып барған?

Ал, бұған қарсылық білдірген орыс тілді тарихшылар Каспий теңізі маңында үндіран тілді (Сталиннің анықтамасы) сақтар өмірленген. Міне, осылар күллі еуропалық халықтардың пайда болуының қайнарында тұрған деп даурықты... Осылайша, тарих ғылымында «үндіеуропалық тілді жүрттар» ұфым-түсінігі қалыптастырыла бастады.

Шынында да, М.Гимбутас ханым археологиялық қазбалар жүргізген өңірлерде түп тегі орталықазиялық R1b гаплотопты жүрттардан бұтақтанған түрк-монгол текті «Маң» жүртінің өмірленгені рас, дау тудырмайтын факт. Мандардың германдықтардың ел болып көбеюіне, гүлденіп өркендеуіне тигізген еңбектері зор. Оның шет жағасын жоғарыда қысқаша болса да саралай өттік. Алдағы талдауларды «Маң» жүртінің пайда болуы, олар құрған қоғамдық құрылымдардың адамзат өркениеті дамуында өзіндік орны мен рөлі барлығын арнайы талдайтын боламыз.

Ал, қазіргі, яғни бүгінгі таңда, - дейді ойын одан әрі қарай сабақтаған А.Класов, - Каспий теңізі маңында сонау есте жоқ ескі замандарда өмірленген тайпалық жүрттарды 1. М. Гимбутас ханымның «үндіеуропалық», 2. Сталиннің «үндіирандық» халықтар деп атамалауының бір жақтылығы білініп қалды.

Жоғарыда анықталғандай, орталықазиялық R1b гаплотопты жүрттап 200-ден астам әртүрлі халықтар бұтақтанған. Олардың бірі - R1bJ1b тобы. Міне, осы гаплотоп және R1bC2a гаплотопты жүрттар Каспий теңізін айналып, Кавказды басып өтіп, Анадолы арқылы Балкан түбегіне барған. Онда осіп, өніп көбейе түсken олардың бірқатары Таяу Шығысқа, біршамасы Еуропаға, қалғандары кері көшіп Каспий теңізінің теріскейін ала бұрынғы ата-баба жүртіна қоныстанған. Міне, осылардың жергілікті халықпен араласуынан бұдан 5 000 – 4 700 жылдай бұрын R1a гаплотобы бұтантанған. Ал, орталықазиялық R1b гаплотобының бұдан 25 000 жыл бұрын Алтай таулары мен онтүстік Сібір өнірінде аяқтанғандығы ғылыми тұргыда дәлелденген ақиқатты шындық [25]. Демек «үндіеуропалықтар» деп атальымдалып жүргендердің 50%-дан астамының бойында орталықазиялық жүрттардың қаны барлығын терістеудің өзі қисынсыз.

Әдебиеттер

1. Кузьмин А.Г. Из предыстории народов Европы // http://www.zlev.ru/59_45.htm
2. Клесов А.А., Тюняев А.А. Происхождение человека (по данным археологии, антропологии и ДНК-генеалогия). –М.: Белья альвы, 2020. –1024 с.

3. Клесов А.А. Основная загадка во взаимоотношениях индоевропейской и тюркской языковых семей и попытка ее решения с помощью ДНК-генеалогии // Вестник Российской академии ДНК-генеалогии, 2010. Т. 3, №1, С.3–58.
4. Клесов А.А. Миграционный путь гаплогруппы R1b1b2 в Европу и рассеяние в Европе (критический обзор) // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2010, Т. 3, № 10, С. 1652–1675.
5. Дроздов Ю.А. Тюркоязычный период европейской истории. –М.: Ярославль: ООО ИПК «Литер», 2011. –600 с.
6. Шука Г. Были латыши тюрками? Феномен обнаружения тюркского субстрата Прибалтики. – Даугавпилс: «Daugavpils drukerai», 2010. –122 с.
7. Бейсенбайұлы Ж. Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер. –Астана, «Фылым» баспасы, 2015. –468 б.
8. Алпысбаев Қ.А. Таң дәүірі. Қазақстан тарихы. Т.1. –А.: Фылым, 1980. –496 б.
9. Мелларт Дж. Древние цивилизации Ближнего Востока. М., 1982. –327 с.
10. Mallory (1989:185). “The Kurgan solution is attractive and has been accepted by many archaeologists and linguists, in part or total. It is the solution one encounters in the Encyclopedia Britannica and the Grand Dictionnaire Encyclopédique Larousse”.
11. Гримбутас М. Цивилизация Великой Богини: Мир Древней Европы. –М.: Российская политическая энциклопедия. 2006. –572 с.
12. Сүлейменов О. Язык письма. Взгляд в доисторию о происхождении письменности и языка малого человечества. –Алматы, Рим, 1998. –501 с.
13. Блок Р. Этруски. Предстказатели будущего. –М., 2004, –188 с.
14. Немировский А.И. Этруски. От мифа к истории. –М.: 1983. –С. 317.
15. Afyoncu E. Truvanın İntikamı. –İstanbul. 2011.
16. Мамедова С.И. О происхождении этрусков // Вестник КазНУ. Серия филологическая. № 32. 2016. С. 66–170.
17. Закиев М.З. Глубокие этнические корни тюркских народов. –Астана: Кантана Пресс, 2011. –400 с.
18. Adile A. Etruskler (Tursakalar). Türk idiler. –Ankara, 1992. –392 с.
19. Алиней М. «Этруски были тюрками (Со времени открытия подтверждений языкового и культурного родства) (“Gli etruschi erano turchi (Dalla scoperta delle affinità genetiche alle conferme linguistiche e culturali)”, опубликованная им в 2013 году в Риме // Подготовил Н.Куанышев. Алтын Орда.
20. Ельницкий Л.А. Скифия евразийских степей. Новосибирск, 1977. –134 с.
21. Тацит. Сочинения. –М., 1993. -354 с.
22. Салғараұлы Қ. Күн тегі мен Айдың бауырлары//Түркология. № 3, 2015. 80–102-б.
23. Цэвээндорж Д., Кубарев В.Д., Якобсон Э. Араг толгойн хадны зураг (Петроглифы Араг толгой. Монголия) УБ.: Изд-во ИА АНМ, 2005. –204 с.
24. Эрлэнэбаатар Д. Монгол нутгийн дурвуулжин булш хиригсуурний соел (Культуры херексуров и плиточных могил Монголии) УБ.: Изд-во ИА АНМ, УБ ун-та. –275 с.
25. Клесов А. Новый взгляд на происхождение европейцев...//YouTube. День Тв. 19 июня 2020 г.

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропага кімдер алып барған?

References

1. Kuzmin A.G. Iz predistorii narodov Evropy // http://www.zlev.ru/59_45.htm
2. Klesov A.A., Tnayev A.A. Proishojudenie cheloveka (po dannym arheologii, antropologii i DNK-genealogii). —M.: Bel's alvy, 2020. —1024 s.
3. Klesov A.A. Osnovnaya zagadka vo vzaimootnosheniyakh indoevropeiskoi i trkskoi jazykovykh semei i popytka ee resheniya s pomojchikom DNK-genealogii // Vestnik Rossiiskoi akademii DNK-genealogii, 2010. T. 3, №1, S.3—58.
4. Klesov A.A. Migracionnyi put' gaplogruppy R1b1b2 v Evropu i rasselenie v Europe (kriticheskii obzor) // Vestnik Rossiiskoi Akademii DNK-genealogii. 2010, T. 3, № 10, S. 1652—1675.
5. Drozdov .A. Trkojazichnyi period evropeiskoi istorii. —M.: Jaroslavl: OOO IPK «Liter», 2011. —600 s.
6. Ŝuka G. Byli latysi trkami? Fenomen obnarujenija trkskogo substrata Pribaltiki. — Daugavpil: «Daugavpils drukerai», 2010. —122 s.
7. Beisenbaiuly J. Ortalyq Azıdayda argytürk sipatty mädenietter: etnotekstik aspektiller. — Astana, «Gylym» baspasy, 2015. —468 b.
8. Alpysbaev Q.A. Tas däviri. Qazaqstan tarihy. T.1. —A.: Gylym, 1980. —496 b.
9. Mellart Dj. Drevnie sivilizasii Blyjnego Vostoka. M., 1982. —327 s.
10. Mallory (1989:185). “The Kurgan solution is attractive and has been accepted by many archaeologists and linguists, in part or total. It is the solution one encounters in the Encyclopedia Britannica and the Grand Dictionnaire Encyclopédique Larousse”.
11. Grimbutas M. Sivilizasiya Velikoi Bogini: Mir Drevney Evropy. —M.: Rossiiskaya politicheskaya ensiklopediya. 2006. —572 s.
12. Süleimenov O. Jazyk pisma. Vzglyad v doistorii o proishojudenii pismennosti i jazyka malogo chelovechestva. —Almaty, Rim, 1998. —501 s.
13. Blok R. Etruski. Predstkazateli buduego. —M., 2004. —188 s.
14. Nemirovskii A.I. Etruski. Ot mifa k istorii. —M.: 1983. —S. 317.
15. Afyoncu E. Truvanın İntikamı. —İstanbul. 2011.
16. Mamedova S.İ. O proishojudenii etruskov // Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya. № 32. 2016. S. 66—170.
17. Zakiev M.Z. Glubokie etnicheskie korni trkskikh narodov. —Astana: Kantana Press, 2011. —400 s.
18. Adile A. Etruskler (Tursakalar). Türk idiler. —Ankara, 1992. —392 c.
19. Alinei M. «Etruski byli trkami (So vremeni otkrytiya podtverjenii jazykovogo i kulturnogo rodstva) (“Gli etruschi erano turchi (Dalla scoperta delle affinità genetiche alle conferme linguistiche e culturali)”, opublikovannaya im v 2013 godu v Rime // Podgotovil N.Kuanyşev. Altyn Orda.
20. Elniskii L.A. Skifia evraziiskikh stepei. Novosibirsk, 1977. —134 s.
21. Tasit. Sochineniya. —M., 1993. -354 s.
22. Salgarauly Q. Kün tegi men Aidyq bauyrlary // Türkologiya. № 3, 2015. 80—102-bb.
23. Seveendorj D., Kubarev V.D., Jakobson E. Aral tolgoi hadny zurag (Petroglify Aral tolgoi. Mongoliya) UB.: Izd-vo IA ANM, 2005. —204 s.
24. Erlenebaatar D. Mongol nutgiin durvuljin bulş hirigsuriin soel (Kultury hereksurov i plitochnyh mogil Mongoli) UB.: Izd-vo IA ANM, UB un-ta. —275 s.
25. Klesov A. Novyi vzglyad na proishojudenie evropeisev...//YouTube. Den Tv. 19 in 2020 g.

Özet

Orta ve Doğu Avrupa bölgelerinde yürütülen arkeolojik kazılarda bakır ve tunç devirlerine ait tek mezarlarda, yanlarına eski dünyanın hayatına dair eşyalar ile silahlar -bağcıklı keramik” ve “taş baltalar”- koyulmuş insan kalıntıları bulunmuştur.

Batı ve Rus tarihçileri bu medeniyet ocaklarını “ipli keramik medeniyeti” ya da “savaş baltası medeniyeti” şeklinde adlandırmışlardır. MÖ 3200-2300 ya da 2300-1800 arasında Avrupa’da birden ortaya çıkan bu kültür ocağını canlandıranlar “temiz Hint-Avrupalılardır” şeklinde açıklanmıştır. Gerçekten de böyle midir? Bunu açıkça ortaya koyabilmek için makalede bu kültürleri kimlerin kendileriyle birlikte Avrupa’ya getirip örnek olarak sundukları, ancak son yıllarda dikkat çekmeye başlayan yeni antropolojik, arkeolojik, lengüistik ve DNA-genetik delillerle ortaya koyulmaktadır.

Anahtar Kelimeler: ipli keramik, savaş baltası, tek mezarlar, etnik yapı, yayılma genişliği, kültür türleri, arkeolojik kazılar.

(O. Nuskabayev. İp işaretli Kaseleri Avrupa'ya Kimler Götürdü?)

Аннотация

В археологических раскопках, проведенных на территории Центральной и Восточной Европы, были обнаружены останки людей из одиночных могил, отнесенных к медным и бронзовым эпохам, с предметами и инструментами раннего житейского быта –шнуровая керамика и «каменные топоры».

Западные и российские историки называют эти центры культуры «культурой шнуровой керамики» или «культурой боевых топоров». И те, кто возродили этот культурный центр, внезапно появившийся в Европе между 3200–2300 гг. до н.э. или 2300–1800 гг. до н.э., являются «чистыми индийскими европейцами». Так ли это на самом деле? Для выяснения очевидности в статье обосновывается тот факт, что те, кто привез эти культуры с собой в Европу, являются новыми антропологическими, археологическими, лингвистическими и ДНК-генеалогическими свидетельствами, которые только в последние годы стали внедряться в научный оборот.

Ключевые слова: шнуровая керамика, боевой топор, одиночные могилы, этническое образование, ареал распространения, виды культуры, археологические раскопки.

(О.Нускабаев. Кто привез в Европу кувшины со знаковой резьбой?)